



**FREEDOM
BROKER**

Бекітілген

«Freedom Finance Global PLC»
жария компаниясы
Директорлар кеңесінің шешімімен
(27 наурыз 2025 жылғы отырыс
хаттамасы)

2025 жылғы 27 наурыздан бастап

қолданысқа енгізілді

ОРНЫҚТЫ ДАМУ САЯСАТЫ

Астана қ.

2025

KIPIСPE

1. «Freedom Finance Global PLC» жария компаниясы (бұдан әрі - Компания) ағылшын құқығының қағидаттарына сәйкес бөлшек инвесторларға брокерлік қызмет көрсетуге мамандандырылған. Компания клиенттерінің халықаралық қаржы нарықтарындағы (Нью-Йорк қор биржасы (NYSE)/АҚШ-тың Қор биржасы (NASDAQ), Лондон қор биржасы (LSE), Гонконг қор биржасы (HKEX), Франкфурт қор биржасы (FWB), «Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) және АХҚО¹ (AIX) биржасы) биржалық операцияларға шығуға және IPO²-ға қатысуға тікелей мүмкіндігі бар.
2. Компанияның қызметін АХҚО Қаржылық қызметтерді реттеу жөніндегі комитеті (Astana Financial Services Authority, AFSA)³ реттейді.
3. Компания халықаралық Freedom Holding Corp. (бұдан әрі - FRHC) инвестициялық тобына кіреді, оның акциялары Nasdaq Capital Market-те орналастырылған және қызметін Бағалы қағаздар және биржалар жөніндегі комиссия (SEC, АҚШ) реттейді.
4. FRHC компаниясы өзінің еншілес және байланысты құрылымдары арқылы қаржылық көрсетілетін қызметтердің әр түрлі түрлерін, соның ішінде бағалы қағаздармен сауда-жасау, маркет-мейкерлік, бөлшек брокерлік қызметті, инвестициялық банкингті, андеррайтингті, коммерциялық банкингті, сақтандыруды және инвестициялық-консультациялық қызметтерді ұсынады. Қосымша ретінде қаржы емес саласында, атап айтқанда телекоммуникациялар, туризм, билеттер сату, БАҚ, жанама және цифрлық нарық саласында жобаларды іске асырады.
5. FRHC компаниясы Біріккен Ұлттар Ұйымының (бұдан әрі - БҰҰ) Бас шартына қол қоюшы болып табылады (*анықтаманы тәменде қараңыз*), оның шенберінде Компания қор нарығының негізгі ойыншысы және FRHC компаниясының еншілес компаниясы бола отырып, БҰҰ-ның Орнықты даму мақсатын іске асыру үшін айтартықтай салым салады. Компанияның қызметі қаржы нарықтарына шығуды қамтамасыз ету, жұмыс орындарын ашу және жауапты іскерлік практиканы ілгерілету мақсатында тиісті шараларды қолдану арқылы Қазақстанда әлеуметтік және экономикалық өсіді арттыруға бағытталған.

ТЕРМИНДЕР, ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

6. Компанияның Орнықты даму саясатында (бұдан әрі - Саясаты) белгіленген терминдер, қысқартулар және анықтамалар мыналарды білдіреді:
 - 1) БҰҰ-ның Жаһандық шарты - бас директорлардың орнықты дамудың жалпыға бірдей қағидаттарын енгізу және БҰҰ-ның мақсатын қолдау шараларын қабылдау жөніндегі міндеттемелеріне негізделген ерікті бастама;
 - 2) еншілес компания - бас компания тікелей немесе жанама түрде бір немесе бірнеше делдал арқылы бақылайтын бөлімше;
 - 3) мұдделі тарап - Компанияда және оның еншілес құрылымдарында мұддесі бар не олардың шаруашылық қызметіне ықпал етуге не оның ықпалына ұшырауға қабілетті тарап;
 - 4) қарсы агенттер - өзіне әлдебір міндеттемелер қабылдаған және/немесе шарттар/келісімшарттар және азаматтық құқықтар мен міндеттердің туындауының өзге де негіздері бойынша Компанияға/оның мүлкіне қойылатын талаптары не өзге де талаптары бар жеке және занды тұлғалар (мысалы, өнім берушілер, серіктестер);

¹ Междунородный финансовый центр «Астана»

² Бастапқы жария ұсыныс (Initial Public Offering, IPO)

³ Қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асыруға № AFSA-A-LA-2020-0019 лицензия: Dealing in Investments as Principal (Принципал ретінде инвестициялармен мәмілелер), Dealing in Investments as Agent (Агент ретінде инвестициялармен мәмілелер), Managing Investments (инвестицияны басқару), Advising on investments (инвестиция жөніндегі консультация беру), Arranging Deals in Investments (инвестиция бойынша мәмілелерді ұйымдастыру), Managing a Collective Investments Scheme (ұжымдық инвестицияны басқару), Arranging Deals in Investments in relation to Digital Assets (цифрлық активтерге қатысты инвестиция бойынша мәмілелерді ұйымдастыру)

- 5) әлеуметтік тәуекел - клиенттерді, өнім берушілерді, мұдделі тараптарды және халықтың кең тобын қоса алғанда, қоғаммен өзара іс-қимылдан туындастын ықтимал қауіптер. Бұл тәуекел беделге нүқсан келтіру, клиенттердің қанағаттанбауы, реттеуіш органдардың тарапынан қадағалаудың қүшесінде немесе қоғамдық үміттер мен үрдістерге сәйкес келмеу сияқты әртүрлі жағымсыз салдарлар арқылы көріні мүмкін;
 - 6) ОДМ (БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаты) - 2015 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы «Барлығы үшін үздік және неғұрлым орнықты болашаққа қол жеткізу жоспары» ретінде әзірлеген 17 өзара байланысты мақсат. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының бұрыштамасына сәйкес, бұл мақсат 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Күн тәртібіне айналды және Мыңжылдықтың даму мақсатын ауыстырды. БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының «Әлемімізді қайта құру: 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған Орнықты даму саласындағы күн тәртібі» қорытынды құжатында 17 жаһандық мақсат пен 169 тиісті міндет бар;
 - 7) экологиялық тәуекел - кездессоқ немесе қасақана әрекеттердің нәтижесінде жерді, суды, ауаны, жануарлар мекендейтін, өсімдіктер кездесетін табиғи жерлерді қоса алғанда, табиғи ортаның ластану немесе жойылу қатерін тудыратын тәуекел;
 - 8) ESG (Environmental, Social, Governance) – компанияның қызметін жүзеге асыру кезінде назарға алынатын орнықты даму факторлары, атап айтқанда: экологиялық (климаттық факторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей), әлеуметтік (жалпы қоғамды және жергілікті қоғамдастықтарды, компания қызметкерлерін және өзге де мұдделі тараптарды қоса алғанда) және басқарушылық (Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесінмен және оған ұсынылатын талаптармен шартталған факторлар);
 - 9) ESG облигациялары – орнықты дамудың мемлекеттік емес облигациялары және орнықты дамуға⁴ байланысты мемлекеттік емес облигациялар. Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларына мыналар жатады:
«жасыл» облигациялар – орналастырудан түскен қаражат жаңа және (немесе) қолданыстағы «жасыл» жобаларды⁵ ішінәра немесе толығымен қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар;
әлеуметтік облигациялар – орналастырудан түскен қаражат әлеуметтік мәселелерді шешуге және (немесе) оң әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуге бағытталған ішінәра немесе толық жаңа және (немесе) қолданыстағы жобаларды қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар;
орнықты даму облигациялары – орналастырудан түскен қаражат «жасыл» және әлеуметтік жобалардың ішінәра немесе толық үйлесімін қаржыландыруға (қайта қаржыландыруға) бағытталатын облигациялар.
7. Кең халықаралық қолдану шеңберінде «ESG» және «орнықты даму» терминдері жоғары дәрежеде бір-бірін алмастыратын терминдер болып саналады.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

8. Саясат Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген және «Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы» 2015 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан

⁴Орнықты дамудың мемлекеттік емес облигацияларын және орнықты дамуға байланысты мемлекеттік емес облигацияларды шығару ерекшеліктері «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

⁵ «Жасыл» облигацияларға мыналар жатады:

- 1) қолданыстағы табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс етү деңгейін темендетуге, энергия тиімділігін арттыруға, энергия үнемдеуге, климаттың өзгеруінің салдарын азайтуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған бесітілген жіктеу (таксономия) негізінде айқындалған жобалар;
- 2) Халықаралық капитал нарықтары қауымдастырының «жасыл» облигациялар стандартын қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, орнықты даму саласындағы халықаралық танылған стандарттарда көзделген жіктемелерге сәйкес келетін жобалар.

«Жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобаларды жіктеуді Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі әзірледі және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 996 қаулысында бекітілді.

Республикасының Конституциялық Заңынан (бұдан әрі - Конституциялық заң) және Англия мен Уэльстің және АХҚО-ның органдары қабылдайтын жетекші әлемдік қаржы орталықтары құқығының қағидаттарына, нормалары мен прецеденттеріне және (немесе) стандарттарға негізделген АХҚО-ның актілерінен, сондай-ақ Конституциялық заңда және АХҚО-ның актілерінде (бұдан әрі - АХҚО) реттелмеген бөлігінде қолданылатын Қазақстан Республикасының қолданыстағы құқығынан (бұдан әрі - қолданылатын заңнама) тұратын АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес әзірленген.

9. Саясат Компанияның ішкі құжаттарына, халықаралық орнықты даму саласындағы стандарттар мен келісімдерге және FRHC компаниясының ESG саясатына сәйкес Компанияның қоршаған ортаға зиянды азайту, қоғамның үйлесімді дамуына ықпал ету, гендерлік тенденция, адам құқықтарын қорғау, инклюзивтілік және әртүрлілік, жауапты корпоративтік мәдениет, сондай-ақ ОДМ-дан туындағын басқа аспектілер сияқты даму мәселелері бойынша қағидаттары мен ұзақ мерзімді міндеттерін айқындау мақсатында әзірленді.
10. ESG саясатының аспектілері орнықты дамуға, әлеуметтік әділеттілікке және тиісінше басқаруға ықпал етеді. ESG аспектілерін енгізу Компанияның қоршаған ортаға және қоғамға әсеріне, соның ішінде ОДМ-ға қол жеткізуге қосқан үлесіне, сондай-ақ қоршаған орта мен қоғамның Компанияға әсерін бағалауға назар аударуға мүмкіндік береді.

2-тaraу. ТЕОРЕТИЯЛЫҚ НЕГІЗ

11. Қаржы нарықтары ESG қағидаттарын енгізудің негізгі драйверлері болып табылады. ESG аспектілерін интеграциялау бүкіл әлем бойынша компанияларды стратегиялық жоспарлау мен корпоративтік басқарудың міндетті элементіне айналады.
12. Соңғы жылдары халықаралық және ұлттық деңгейлерде орнықты даму саласындағы нормативтік-құқықтық база айтарлықтай жетілдірілді. Бұл база қаржы нарығының, кәсіптік қауымдастықтардың және биржалық институттардің өкілдері белсенді қатысқан кезде әзірленген императивті нормаларды да, сондай-ақ «жұмсақ» реттеу актілерін де қамтиды.
13. Орнықты даму саласындағы жаһандық үрдістерге сәйкес Саясатты әзірлеу кезінде мыналар:
 - 1) жаһандық халықаралық ұйымдардың орнықты дамуы саласындағы келісімдер мен қағидаттар:

2015 жылғы Париж келісімі;

БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаты;

G20/ЭҮДҰ-ның корпоративтік басқару қағидаттары;

БҰҰ-ның Жаһандық шартының 10 қағидасы;
 - 2) ұлттық деңгейде ESG және корпоративтік басқару саласындағы реттеуші талаптар мен тәсілдер:

2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Экология кодексі;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандығы № 121 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының көміртегі бейтаралтығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 1021 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы;

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Төралқасының 2021 жылғы 27 сәуірдеғі № 4 шешімімен макұлданған Корпоративтік басқару кодексі;

2024 жылғы 11 қазандағы AFSA экологиялық, әлеуметтік және басқару ақпаратын жария ету жөніндегі нұсқаулық (ESG)⁶.

3) ESG саласындағы ерікті халықаралық бастамалар:

Жаһандық есептілік бастамасының орнықты дамуы саласындағы есептілік жөніндегі нұсқаулықтар (Global Reporting Initiative, GRI);

Sustainability Accounting Standards Board (SASB) есептілігінің стандарттары;

Қаржылық тұрақтылық кеңесі жаңындағы климаттың өзгеруіне байланысты қаржылық ақпаратты жария ету бойынша жұмыс тобының ұсынымдары (Task Force on Climate-related Financial Disclosures, TCFD);

Әлеуметтік және этикалық есептілік институтының (AccountAbility) мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл стандартын (AA 1000 SES) назарға алынды.

3-тарау. ҚОЛДАНЫЛУ АЯСЫ

14. Саясат еншілес компаниялар мен байланысты құрылымдар үшін ESG қызметінің бірыңғай қағидаттарын белгілейтін FRHC компаниясының ESG саясатының ережелеріне сәйкес әзірленген. Тиісінше, ол жұмыс орындарын, процестерді, өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, Компания қызметінің барлық аспектісіне қолданылады.
15. Саясатты сақтау өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компанияның атынан әрекет ететін барлық директор, қызметкер және тұлғалар үшін міндетті болып табылады: мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау, ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу, есептілік және коммуникация. Компания өзінің іскерлік серіктестері Саясат ережелеріне, қағидаттар мен мақсаттарға адалдығын көрсетеді деп үміттенеді.
16. Компания экологиялық орнықтылыққа және корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға, сондай-ақ орнықты дамудың жауапты практикаларын өз қызметінің барлық аспектісіне интеграциялауға үмтүлады.
17. Саясат ESG мәселелерін тиімді басқару, ESG аспектісінің есептілігі мен практикаларының келісушілігін, салыстырмалылығын және сенімділігін қамтамасыз ететін тиімділік пен есептілік көрсеткіштерін өлшеу мақсатында Компанияның қызметі мен мәдениетіне экологиялық, әлеуметтік және басқару (ESG) аспектілерін енгізу саласындағы жоғары деңгейлі құрылым мен қағидаттары жиынтығын білдіреді.

4-тарау. ESG АСПЕКТИЛЕРІНІҢ ТӘСІЛІ ЖӘНЕ КӨЗҚАРАСЫ

18. Орнықты даму мәселелері бүгінгі таңда әлем алдында тұрған жаһандық проблемалар мен сын-қатерлерге жатады. Климаттың өзгеруі, ластануы және биоәртүрліліктің жоғалуы салдары, әлеуметтік тенсіздік, әлемдік пандемия және БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаты көтерген басқа да әлеуметтік және экологиялық мәселелерге қатысты қоркумен қатар, инвесторлардың мінез-құлқына қандай да бір түрде әсер етеді, нәтижесінде қоғамның үміттерін өзгертерді.
19. БҰҰ қоғамды орнықты дамуға қайта бағдарлау бағытын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. 2000 жылы БҰҰ «Мыңжылдықтың даму мақсаты» атты бағдарламас қабылдады, ал 2015 жылы осы бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша 193 мемлекет экология, әлеуметтік қатынастар және экономиканы дамыту саласындағы 17 жаһандық мақсатты қамтитын «Әлемімізді қайта құру: орнықты даму саласындағы 2030 жылға дейінгі күн тәртібі» құжатын қабылдады.

⁶ AIFC Environmental, Social and Governance Disclosure Guidance, 11 October 2024

20. ОДМ макро- (мемлекет) және микро-денгейде (компания) орнықты даму саласында шаралар қабылдаудың бастапқы нүктесі болып табылады.

Компания аталған мақсаттарға қол жеткізу қоғам өмірінің негізгі салаларын дамытуға және әрбір адамға әсер ететін жаһандық проблемаларды шешуге ықпал ететінін мойындаиды. Өз қызметінің орнықты дамуға және ESG факторларына ықпалын талдай отырып, Компания өзі үшін 17 ОДМ-нің 8-ін анықтады:

3-мақсат «Салауатты өмір салтын қамтамасыз ету және кез келген жастағы адамдардың әл-ауқатына ықпал ету».

4-мақсат «Барлығына толық қамтылған және әділ сапалы білім беруді қамтамасыз ету және өмір бойы білім беру мүмкіндігін ынталандыру».

7-мақсат «Барлығына арзан, сенімді, орнықты және заманауи қуат көздеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету».

8-мақсат «Барлығына тұрақты, толық қамтылған және орнықты экономикалық өсуге, толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмысқа жәрдемдесу».

9-мақсат «Берік инфрақұрылым құру, толық қамтылған және орнықты индустрияландыруды қамтамасыз етуге және инновацияларды енгізуге жәрдемдесу».

11-мақсат «Қалалар мен елді мекендердің ашықтығын, қауіпсіздігін, өміршендігі мен орнықтылығын қамтамасыз ету».

13-мақсат «Климаттың өзгеруіне және оның салдарына қарсы шұғыл шаралар қабылдау».

17-мақсат «Орнықты дамуға қол жеткізу құралдарын нығайту және орнықты даму (орнықты даму саласындағы әріптестік) мүддесінде жаһандық әріптестік тетіктерінің жұмысын жандандыру».

21. Экологиялық проблемалар, ең алдымен, климаттың өзгеруіне байланысты тәуекел мен мүмкіндіктер компанияның қаржылық көрсеткіштеріне және оның ұзақ мерзімді перспективаларына, демек, бағалы қағаздардың құнына әсер етуі мүмкін.

22. Компанияның адам капиталына деген көзқарасы оның жұмыс күші мен жеткізу тізбегінің орнықтылығынан көрінеді. Акционерлердің, басшылардың және қызметкерлердің жоғары тартымдылығы, тәжірибе мен көзқарастың әртурлілігі, сондай-ақ корпоративтік мәдениеттің жоғары деңгейі өнімділікке, инновацияға және компаниядағы оң өзгерістерге ықпал етеді.

5-тaraу. БАСҚАРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ

23. Компанияның орнықты дамуын басқарудың үйімдік құрылымы ESG аспекттерін басқару өкілеттіктерін алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасында бөлуге негізделген.
24. Басқару органы (Директорлар кеңесі) Компанияның орнықты даму саласындағы стратегиялық дамуының басым бағыттарын, мақсаты мен негізгі қағидаттарын айқындаиды.

Директорлар кеңесі мыналарды қамтамасыз етеді, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің ESG ақпаратын уақытылы және сенімді жария ету қағидатына сәйкестігі;
- 2) Компанияның Даму стратегиясының ажырамас бөлігі болып табылатын Орнықты даму стратегиясын бекіту және оның орындалуын бақылау;
- 3) экологиялық және әлеуметтік тәуекелді басқару жөніндегі саясат кешенін бекіту;
- 4) орнықты даму саясатын бекіту;
- 5) орнықты даму саласындағы есептілікті бекіту.

Директорлар кеңесі Компанияда орнықты даму жөніндегі бөлімшениң болуын қамтамасыз етеді.

25. Атқарушы орган (Бас атқарушы директор) Компанияның орнықты дамуы саласында әзірленген саясаттар мен стратегиялық құжаттардың іске асырылуын, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесі бекіткен рәсімдердің, процестер мен саясаттардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Бас атқарушы директордың құзыretіне мыналар:

- 1) қызметкерлердің негізгі санаттары бойынша гендерлік, этникалық және жас ерекшеліктерін қоса алғанда, кадрлық әртүрлілікті қолдауды ескере отырып, Компанияда кадр саясатын жүргізуі, сондай-ақ жұмыс орнында денсаулық пен еңбекті қорғаудың тиісті жүйесін құруды;
- 2) орнықты даму саясатын әзірлеу және іске асыруды;
- 3) экологиялық және әлеуметтік тәуекелді басқару жөніндегі саясатты әзірлеу және іске асыруды;
- 4) ESG ақпаратын уақтылы және сенімді жария етуді қамтамасыз ету кіреді.

26. Орнықты даму бөлімі мынадай функцияларды орындаиды, бірақ олармен шектелмейді:

- 1) компания қызметіне ESG практикасы мен тәсілдерді енгізу;
- 2) ESG бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- 3) ESG сұратуы бойынша Бас атқарушы директорға және Директорлар кеңесіне ақпарат беру;
- 4) Компания қызметкерлерінің орнықты даму мәселелері бойынша сараптамалық әлеуетін тұрақты негізде арттыруды ұйымдастыру;
- 5) ESG есебін дайындауды үйлестіру;
- 6) экологиялық және әлеуметтік тәуекелді басқару.

27. Қазынашылық бөлімше Компанияның өтімділігін басқаруды жүзеге асырады. Компанияның еркін қаражатын инвестициялау үшін қажет болған жағдайда өтімділікті ESG параметрлеріне (ESG облигацияларын сатып алу/сату) сәйкес келетін орнықты дамудың қаржы құралдарына бағалауды және орналастыруды жүзеге асырады.

Шығындарды бақылауды қамтамасыз ету мақсатында ресурстарды оңтайлы бөлуді ескере отырып, ESG бөлігінде операциялық қызметті қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

28. Инвестициялық банкинг бөлімшесі жеке және мемлекеттік компанияларға андеррайтинг пен қаржылық консультация беруді қоса алғанда, қаржыландыруды тарту бойынша қызметтер көрсетеді.

Андеррайтинг және қаржылық консультация беру бойынша көрсетілетін қызметтерге бағалы қағаздардың эмиссияларын (ESG облигацияларын қоса) ұйымдастыру және оларды бастапқы нарыққа орналастыру қызметтері кіреді.

Бағалы қағаздардың (ESG облигацияларын қоса алғанда) андеррайтингі бойынша қызмет көрсету мақсатында инвестициялық банкинг бөлімшесі:

- 1) бағалы қағаздардың эмиссиясын дайындауды (ESG облигацияларын қоса алғанда);
- 2) бағалы қағаздар шығарылымын орналастыру бойынша мәмілелер жасау (ESG облигацияларын қоса алғанда) жүзеге асырады.

29. Комплаенс бөлімшесі Компания қызметінің қолданылатын заңнама талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

30. Ишкі аудит бөлімшесі экологиялық және әлеуметтік тәуекелді қоса алғанда, Компанияның тәуекелді басқарудың тиісті жүйесінің болуы мен жұмыс істеуін тексеруді жүзеге асырады.

31. Өзге құрылымдық бөлімшелер қолданылатын заңнамасы және/немесе Компанияның ішкі нормативтік құжаттары шенберінде орнықты дамуды басқару жүйесіне қатысады.

6-тарау. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ ТАЛАПТАРДЫ САҚТАУ

32. Қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сәйкес, «ESG» үфімі, ең алдымен, ұзак мерзімді перспективада орнықты даму саласындағы тәуекел алдындағы бизнестің инвестициялық тартымдылығы мен орнықтылышын бағалаумен байланысты. Бір жағынан, ESG, әсіресе оның «E» (экологиялық көрсеткіш) және «S» (әлеуметтік көрсеткіш) компоненттерінде, компания деңгейінде де, сондай-ақ жаһандық ауқымда да орнықты дамуды қамтамасыз ету және оған қол жеткізу құралы болып табылады. Екінші жағынан, ESG, көбінесе «G» компоненті (корпоративтік басқару) корпоративтік басқару тәжірибесінің жетілуі мен тиімділігінің көрсеткіші болып табылады.
33. Компанияда органдар, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлер арасында жауапкершілікті нақты бөлу, сондай-ақ оның акционерлерінің мүдделерін сақтау қағидаттарына негізделген корпоративтік басқарудың тиісті жүйесі құрылды.
34. Корпоративтік басқарудың орталық элементі корпоративтік құрылым болып табылады, ол арқылы Компанияның басқару органдары мен оның қызметкерлерінің ішкі байланысы жүзеге асырылады.
35. Компания өз қызметінде G20/ӘЫДҰ-ның (2015) корпоративтік басқару қағидаттарын, қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару практикасын ескере отырып, қазақстандық заңнама негізінде әзірленген корпоративтік басқару кодексін («сақта немесе түсіндір» қағидаты негізінде) басшылыққа алады. Кодекс акционерлік қоғам мен жауапкершілігі шектеулі серікtestіктің үйымдық-құқықтық нысандарындағы жария компаниялар үшін Қазақстан Республикасының корпоративтік басқаруының ұлттық стандарты болып табылады.
36. Компаниядағы корпоративтік басқару әділеттілік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсібиlíк және құзыреттілік постулаттарына негізделген.
37. Компания өз қызметін онда қабылданған корпоративтік басқару қағидаттары негізінде жүзеге асырады: акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты; тиімді басқару қағидаты; дербес қызмет қағидаты; компания қызметі туралы ақпаратты ашықтық және обьективтілік қағидаты; заңдылық пен әдеп қағидаты; тиімді кадр саясаты қағидаты; қоршаған ортаны қорғау қағидаты; корпоративтік жанжалдар мен мүдделер қақтығысын реттеу қағидаты; жауапкершілік қағидаты.

7-тaraу. КОМПАНИЯНЫң РӨЛІ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУҒА ӘСЕРІ

38. Компания бағалы қағаздар нарығына ірі кәсіби қатысушы ретінде климатқа, экологияға, әлеуметтік аспектілерге, корпоративтік басқаруға және жалпы қаржылық тұрақтылыққа әсер етеді. Осыған байланысты компания орнықты дамуға әсер ету түрі мен деңгейін ескере отырып, өзі үшін төрт рөлді анықтады:

- 1) Компания қызмет сипатына байланысты қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етпейді.

Компания тұтынатын негізгі ресурстар - қуат энергиясы, жылу энергиясы және су. Компания өз қызметінде энергияны үнемдейтін технологияларды енгізу, суды тұтынуды азайту, кеңсе қажеттіліктері үшін қағаз шығынын азайту («жасыл» кеңсе тұжырымдамасы) арқылы ресурстарды артық тұтынуды азайтуға және бар теріс экологиялық әсерді азайтуға тырысады.

Компания ресурстарды, энергияны, жылу мен суды тұтынуды азайтуға бағытталған «жасыл» кеңсенің заманауи тұжырымдамасына сәйкес кеңсе кеңістігін экологияландыруға үмтүлады, олар мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

- энергияны үнемдейтін технологиялар мен энергияны үнемдейтін кеңсе жабдығын қолдану;
- электрондық құжат айналымы жүйесін және екі жақты басып шығару тәжірибесін пайдалану арқылы кеңсе қағазының шығынын азайту;
- компания қызметінде пайдаланылатын өзге де материалдардың, сондай-ақ қоқыс өндірісінің шығынын қысқарту;
- құрамында хлор мен хлорогранукалық қосылыстар, фосфаттар мен фосфонаттар бар тұрмыстық химияны пайдалануды азайту;
- пластиктен жасалған және басқа да бір рет қолданылатын ыдыстарды пайдаланудан бас тарту;
- қоқысты бөлек жинауды белгілеу және оны қайта өңдеуге және кәдеге жаратуға шығару;
- пайдаланылған батареяларды жинауға арналған экобокстарды орнату;
- пластиктен жасалған және қаңылтыр бөтелкелерді жинауға арналған фандоматты орнату.

- 2) Компания жұмыс беруші бола отырып, әдеп нормаларына және этикалық іскерлік тәжірибелерге сәйкес адам құқықтарын сақтау және корпоративтік басқару тәжірибесін үнемі жетілдіру негізінде қызметкерлермен еңбек қатынастарын орнату арқылы өз қызметкерлеріне қамқорлық жасайды.

Компания сыйайлас жемқорлық тәуекелін анықтайды, сыйайлас жемқорлыққа қарсы саясаттар мен тәжірибелерді енгізеді және қолдайды.

Компанияның қызметкерлерін басқару мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- Қызметкерлер Компанияның негізгі капиталы сияқты. Компанияның қызметкерлері – кәсіби, нәтижелі, бастамашыл қызметкерлер, олардың әлеуеті зор және жеңіске деген ерік-жігері бар және дамуға және кәсіби ортада жақсы болуға үмтүлады.
- Қызметкерлерге жұмсалатын шығындар Компанияның дамуына үйілған инвестиция сияқты. Қызметкерлерді дамытуға жұмсалатын шығыс шығын ретінде емес, Компанияның дамуына инвестициялар ретінде қарастырылады, мұндай шығыс заманауи бәсекелес ортада көшбасшылық орындарын қамтамасыз етуі керек.
- Компания кәсіпқойлар командасты сияқты, командалық күш - Компанияның корпоративтік құндылығы. Кәсіпқойлар тобы Компанияның даму және оның мақсатына жету үшін қажетті шығармашылық энергияның негізгі көзі болып табылады.

- Компанияның жетістігі команданың әр мүшесінің қызметі нәтижесі сияқты. Кәсіпқойлар тобы ортақ мақсатқа жетуге бағытталған, оған әрбір қатысушы ортақ істің нәтижесіне өз үлесін қосуға тырысады. Компанияда жұмыс істейтін және оның пайдасын арттыратын әрбір қызметкер өзінің кәсіби әлеуетін арттырады.

- Инновация және үнемі жетілдіру. Көшбасшылық позицияларды қамтамасыз ету үшін компания үнемі алға жылжуы керек, сондықтан да әр қызметкер компанияның дамуына бағытталған өзгерістер процесіне белсенді қатысуы керек. Компанияда қызметкерлердің бастамалары, идеялары мен ұсыныстары көтермеленеді. Әр қызметкер орнықты дамыған жағдайда Компанияны тұрақты түрде дамиды. Компания қызметкерлердің шығармашылық әлеуетін және олардың мансаптық өсүін ашу үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Компания тиісті шаралар қабылдау арқылы орнықты даму саласындағы қызметкерлердің сараптамалық әлеуетін арттыруға жәрдемдеседі:

- қоршаған ортаға әсер ету, климаттың өзгеруі және компания қызметкерлері үшін экологиялық саясат пен мақсат бойынша оқытуға қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- қызметкерлерді экологиялық мақсат, әсерлер, жобалар және болжам туралы үнемі хабардар ету үшін ішкі арналарды пайдалану;
- экологиялық мақсатты ілгерілету үшін оқыту мен ресурс беру арқылы қызметкерлер арасында экологиялық хабардарлықты арттыру және өз кезегінде экологиялық жауапкершілік мәдениетін дамыту және қызметкелердің орнықты тәжірибеге қатысуны ынталандыру.

- 3) Компания қор нарығындағы қаржылық делдал бола отырып, көмірқышқыл газының шығарындыларын азайтуға жанама әсер етеді. Бұл тұрғыдан Компания ESG факторларын инвестициялық қызметке кезең-кезеңімен енгізуге, сондай-ақ көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін жауапты инвестициялаудың халықаралық қағидаттарына сәйкес келуге ұмтылады.

Компания инвестициялық тәуекелді бағалау үшін ESG факторларының маңыздылығын мойындаиды. Инвестициялау тәсілдері мен бизнес стандарттарындағы жаһандық өзгерістер азаматтық қоғамнан бастап инвесторлар мен реттеушілерге дейінгі барлық деңгейде ESG аспектілерін есепке алу қажеттілігін раставиды.

Компания ESG аспектілерін есепке алу өз клиенттерінің атынан инвестициялайтын активтерді объективті ұзақ мерзімді бағалауды қалыптастыруға ықпал ететініне сенімді. ESG көрсеткіштерін таңдау компанияның терең талдау және тәуекелді басқару сапасын жақсарту жөніндегі міндеттемесін көрсетеді. Бұл тәсіл дәстүрлі қаржылық есептілікте үнемі көріне бермейтін және орнықты қаржылық нәтижелерге қол жеткізуға ықпал ететін сыртқы факторларды ескеруге мүмкіндік береді.

- 4) Компания отандық қор нарығындағы ірі брокерлердің бірі бола отырып, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық орнықтылығына елеулі үлес қосуға ұмтылады, инновацияларды енгізуге және дамытуға, жергілікті қоғамдастықтарды дамытуға, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді.

8-тарау. МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

39. Мүдделі тараптармен жан-жақты сыртқы және ішкі өзара іс-қимыл компанияның орнықты даму саласындағы саясатының маңызды бөлігі болып табылады.
40. Компания ОДМ-ға қол жеткізуге бағытталған өз қызметін жүзеге асыру барысында олармен тиімді өзара іс-қимыл жасау арқылы барлық мүдделі тараптың мүддесін ескереді. Бұл тұрғыдан компания үшін де, сондай-ақ оның мүдделі тараптары мен Қоғамы үшін де тиімді орнықты даму деңгейіне қол жеткізу мақсатында Компанияның стратегиялық даму бағыттарын және оны жетілдіру жолдарын дұрыс тандау өте маңызды.
41. Компанияда мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл саласында қолданылатын саясат (1) мүдделі тараптарды анықтауға және зерделеуге, (2) ақпаратты жария етуге, (3) мүдделі тараптармен консультациялар өткізуге, (4) компания қызметі барысында мүдделі Тараптармен келіссөздер жүргізуге және әріптестікті іске асыруға бағытталған тиісті шараларды қабылдауды қамтиды; (5) жанжалдарды реттеу рәсімдерін құру және қолдану, (6) мүдделі тараптардың Компания жобаларының мониторингіне қатысуы, (7) мүдделі тараптар алдындағы есептілік, (8) мүдделі тараптардың корпоративтік басқару процестеріне қатысуы.
42. Компанияда ISO 14000 стандартының талаптарына сәйкес келетін клиенттік сервистік сапасын қамтамасыз ету жүйесі (ұсыныстар мен шағымдарды беру және қарau тетігі) құрылды: 1) өтініш берушіден өтініштерді қабылдау және тіркеу; 2) өтініштер мен шағымдарды олардың жүгіну себептерін анықтау үшін талдау және бағалау; 3) өтініштер мен шағымдардың себептерін кейіннен болдырмау үшін шараларды айқындау; 4) белгілі бір шаралар мен енгізілген түзетулердің мониторингі.
43. Компания Әлеуметтік және этикалық есептілік институтының (AccountAbility) мүдделі тараптарымен өзара іс-қимыл жасау стандартында (AA 1000 SES) көрсетілген қағидаттарды басшылықта ала отырып, мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасайды:
 - маңыздылық қағидаты - Компания мүдделі тараптардың шенберін нақты анықтайды және мүдделі тараптардың маңызды мүдделерін анықтайды;
 - толықтық қағидаты - Компания өз қызметі барысында мүдделі тараптардың алаңдаушылығын ескереді және олардың маңызды мәселелер, қажеттіліктер және күтілетін қызмет нәтижелері туралы пікірлерін ескереді;
 - әрекет етуге дайындық қағидаты - өз қызметін жүзеге асыру кезінде Компания мүдделі тараптардың маңызды мәселелеріне үақытылы жауап береді.
44. Компания мүдделі тараптардың маңызды топтарын айқындағы, оларға Компания айтарлықтай әсер етеді және олар ол үшін маңызды (төмендегі кестені қараңыз).

№	Мүдделі тараптардың санаты	Өзара іс-қимыл жасау тетіктері
1.	Акционерлер	<ul style="list-style-type: none"> - акционерлердің жыл сайынғы және кезектен тыс жиналыстары (жалғыз акционердің шешімдері); - акционердің акцияларды орналастыруы арқылы жарғылық капиталды толықтыру;
2.	Қор нарығының инфрақұрылымдық үйімдары (бағалы қағаздар орталық депозитарийі, қор биржасы, клирингтік үйім және (немесе) қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды (төлемдерді) үйімдастыруды жүзеге асыратын есеп айырысу үйімі)	<ul style="list-style-type: none"> - қор биржаларының, депозитарийлердің, клирингтік үйімдардың өкілдерімен тұрақты өзара іс-қимыл жасау; - Компанияның және қор биржасының ресми Интернет-ресурстарында қаржылық және қаржылық емес ақпаратты жария ету; - қор биржасы үшін қаржылық есептілікті үнемі ұсыну; - орталық депозитарийден Компания туралы ақпарат алу (компанияның акцияларын және өзге

		<p>де бағалы қағаздарын ұстаушылар туралы тізілімдер/анықтамалар);</p> <ul style="list-style-type: none"> - клиенттерге брокерлік қызмет көрсету барысында орталық депозитариймен өзара іс-қимыл жасау (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде Компанияның және клиенттердің шоттарын ашу, компания мен клиенттердің шоттары бойынша операциялар жүргізу); - сауда және клирингтік жүйелер арқылы клиенттермен есеп айырысу және тәуекелді басқару; - қолданылған шаралар туралы мәліметтерді ұсыну;
3.	Мемлекеттік билік органдары	<ul style="list-style-type: none"> - қолданылатын заңнаманың сақталуы туралы ақпаратты толық және уақтылы жария ету; - қоғамдық іс-шаралар мен форумдарға қатысу; - қолданылатын заңнама талаптарына сәйкес салықты, алымды және төлемді төлеу; - ағындағы заңнаманы сақтау үшін қажетті лицензияларды, рұқсаттарды және қорытындыларды алу; - тұрақты есептілік нысанында қаржылық көрсеткіштерді және өзге де елеулі қаржылық емес ақпаратты жария ету;
4.	Үкіметтік емес ұйымдар	<ul style="list-style-type: none"> - конференциялар мен форумдарға қатысу; - қол қойылған келісімдер, келісімшарттар немесе меморандумдар шенберінде әріптестікке, демеушілікке және ынтымақтастықтың басқа да нысандарына қатысу; - тақырыптық немесе жобалық жұмыс топтарына қатысу;
5.	Қызметкерлер	<ul style="list-style-type: none"> - еңбекақы төлеудің әділ және ашық жағдайларын қамтамасыз ету; - ішкі коммуникация жүйелері арқылы Компанияның қызметі және кәсіби даму мүмкіндіктері туралы хабардарлықты арттыру бойынша кампаниялар өткізу; - ресми әлеуметтік желілер, корпоративтік портал, электрондық пошта және мессенджерлер арқылы ішкі корпоративтік коммуникация; - қызметкерлердің сараптамалық әлеуетін және кәсіби деңгейін арттыру, оның ішінде ESG мәселелері бойынша; - Компанияның қызметі бойынша ұсыныстар мен ескертулерді (жасырын) алу үшін «кері байланыс бокстарын» арнайы ұйымдастырылған жалпы пайдалану кеңістігінде белгілеу;
6.	Клиенттер, шот берушілер, қарсы агенттер	<ul style="list-style-type: none"> - тиісті лицензиялар негізінде қызметтер көрсету; - компанияның қаржылық көрсетілетін қызметтері мен өнімдері туралы ақпаратты жария ету; - байланыс орталығы, цифрлық байланыс арналары және әлеуметтік желілер арқылы байланыс; - баспасөз релиздерін жариялау;

		<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның, қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының сайтында қаржылық және қаржылық емес деректерді жария ету; - ұсыныстар мен шағымдарды қаралу;
7.	Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)	<ul style="list-style-type: none"> -Компанияның корпоративтік сайтында, қаржылық есептілік депозитарийінде және қор биржасында ақпаратты жария ету; - баспасөз релиздерін жариялау;
8.	Рейтингтік агенттіктер	<ul style="list-style-type: none"> - Компанияның кредиттік рейтингін және (немесе) ESG-рейтингін алуы не растау; - рейтингтік агенттіктер қолданатын талаптар мен әдіснаманың түрақты мониторингі; - рейтингтік агенттіктердің өкілдерімен белсенді өзара іс-қимыл жасау, компанияның баға алуы үшін қажетті деректерді жария ету;
9.	Кәсіби ұйымдар ⁷	<ul style="list-style-type: none"> - бағалы қағаздар нарығы саласындағы қолданылатын заңнамаға түзетулер енгізу мәселелері және кәсіби ұйым алаңындағы өзге де мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасау.

45. Компания компанияның орнықты даму саласындағы бастамаларын іске асыру кезінде ескерілетін маңызды тақырыптарды анықтау мақсатында мұдделі тараптардың пікірлеріне сауалнама жүргізеді.

9-тaraу. МОНИТОРИНГ ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

46. Компания 2024 жылғы 11 қазандағы Экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық ақпаратты жаряи ету жөніндегі нұсқаулықта (ESG) баяндалған AFSA тәсілін, осылайша АХҚО шеңберінде неғұрлым орнықты және жауптыв қаржылық экожүйеге ықпал ете отырып, ESG факторларын Компания қызметіне және шешім қабылдау процесіне біртіндеп интеграциялау бөлігінде ұстанады.
47. Корпоративтік есептіліктің ESG факторларына жан-жақты сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Компания Жаһандық есептілік бастамасын (GRI) қоса алғанда, ESG жария етуге қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ S1 ХҚЕС және S2 ХҚЕС негізінде орнықтылық пен климат туралы ақпаратты жария ету үшін салалық қаржылық есептілік стандарттарын сақтауға үмтүлады.

10-тaraу. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

48. Саясатты Компанияның Директорлар кеңесі бекітеді.
49. Компанияның қызметкерлері Саясат ережелерін бұзғаны үшін қолданылатын заңнамаға және Компанияның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жауп береді.
50. Саясат ережелері бөлімшелер қызметінің ерекшелігін ескере отырып, Компанияның ішкі нормативтік құжаттарында егжей-тегжейлі көрсетілуі мүмкін.
51. Саясаттың ағылшын және орыс (қазақ) тілдеріндегі нұсқалары арасында сәйкесіздіктер болған жағдайда, біріншісі басым құшке ие болады.

⁷ Бағалы қағаздар нарығында олардың қызметінің бірыңғай қағидалары мен стандарттарын белгілеу мақсатында бағалы қағаздар нарығына кәсіби қатысушылар қауымдастық (одак) нысанында құрған занды тұлға

52. Саясатты қайта қарau және жаңарту үшін жауапты бөлімше орнықты даму бөлімшесі болып табылады.